

Сауд Аравиясы Корольдігіндегі Қазақстан Республикасы елшілігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 6 тамыз N 968

"Сауд Аравиясы Корольдігінде Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 13 желтоқсандағы N 2681 U952681
_ Жарлығын /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 37, 474-бап/ орындау
үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Сауд Аравиясы Корольдігіндегі Қазақстан Республикасы Елшілігінің штаттық саны 18,5 адам болып бекітілсін.

2. Сауд Аравиясы Корольдігіндегі Қазақстан Республикасы Елшілігінің шетел валютасымен лауазымдық жалақысы 2500 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленсін.

Елшілік қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары Қазақстан Республикасы Елшісінің шетел валютасымен алатын жалақысының негізінде штаттық кестеге сәйкес белгіленсін.

3. Елшілік қызметкерлеріне медициналық көмек көрсетуге шетел

валютасымен олардың жалақы қорынан 3 процент мөлшерінде қаржы аудару белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қаржы министрлігінің келісімі бойынша Сауд Аравиясы Корольдігіндегі Қазақстан Республикасы Елшілігінің шығыстар сметасын 1996 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген шет елдердегі жаңа және жұмыс істеп жатқан Қазақстан Республикасы елшілігінің қаржысы көлемінде бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

